


***СИНДРОМДАР МЕН
СИМПТОМДАР***





Орталық жүйке жүйесі

- Менингеальды – менингеальды белгілер, бас ауры, құсу, жүрек айну, үлкен еңбектің ісінуі, пульсациясы, гиперестезия.
- Энцефалиттік – ошақты, жалпы милық, менингеальды симптомдар, жалпы инфекциянды симптомдар.
- Тырысулық – клоникалық , тоникалық , тонико-клоникалық тырысулар.
- Қозғалыс бұзылысының синдромы- гиперкинездер, б/е гипертониясы, гипотониясы, дистониясы.
- Гиперқозғыштық синдромы – қозғалыстың артуы, тонусы жоғары, қозулы, гиперрефлексия.

Тыныс алу жүйесі

- Тыныс жетіспеушілігі- еңтігу, ТАЖ артуы , тыныс ритмінің бұзылыс, цианоз, тахикардия, қосымша б/е қатысуы
- Өкпенің тығыздалу синдромы- зақымдалған жағының тыныс алудан қалуы, дауыс дірілінің күшеюі, тұйық перкурорлы дыбыс, бронхиальды тыныс
- Өкпеге ауа толу синдромы – бөшке тәрізді кеуде қуысы, тұрақты еңтігу, продуктивті емес жөтел, дауыс дірілінің әлсіреуі, қорап тәрізді тон, везикулярлы тыныс әлсіреуі
- Өкпеде қуыс пайда болу синдромы – тыныс алудан толық қалуы, дауыс дірілінің күшеюі, тимпаникалық дыбыс, бронхиальды тыныс.
- Бронх обструкциясы синдромы – тұншығу ұстамалары, экспираторлы еңтігу, ысқырықты тыныс, екі жақты құрғақ сырылдар, продуктивті емес жөтел.
- Сұйықтық жиналу синдромы - зақымдалған жағының тыныс алудан қалуы, қабырғааралық кеңістіктің тегістелуі, зақымдалған аймақта дауыс дірілі әлсіреген немесе жоқ, тұйық перкурорлы дыбыс, везикулярлы тыныс әлсіреген.

Жүрек қантамыр жүйесі

- Гипертензия – АҚҚ жоғарлауы , бас ауруы, енгігу, құлақ шуылы.
- Гипотензия – АҚҚ төмендеуі , эмоциональды лабильділік, бас айналуы.
- Жүрек жетіспеушілік синдромы – енгігу, цианоз, әлсіздік, «галоп » ритмі, ісіну, бауыр ұлғаюы.
- Коронарлы жетіспеушілік – себепсіз енгігу, жөтел, ЖСЖ артуы, жүрек аймағындағы ауырсыну.

Асқорыту жүйесі

- Диспепсиялық – тәбеттің бұзылысы, тағаммен, ауамен кекіру, қыжылдау, құсы, жүрек айну.
- Сарғаю – тері қышуы, тері түсінің, зәрдің, нәжістің өзгеруі.
- Тітіркенген ішек синдромы - нәжістің өзгеруі, іш кебу, қышқылмен кекіру, қыжылдау, ауырсыну.
- Портальді гипертензия синдромы- іш көлемінің ұлғаюы, аяқтардағы ісіну, асқазандық- геморроидальді қан кетулер.
- Бауыр жетіспеушілігі синдромы-жалпы әлсіздік, жоғары шаршағыштық, дене температурасының жоғарылауы, ұйқы бұзылысы, апатия,

Зәр шығару жүйесі

- Нефротикалық – массивті ісіну, липидемия, протенурия, гипопропротеинемия, гиперхолестеринемия;
- Нефритикалық – АҚҚ жоғарлауы, ісіну айқын емес, гематурия;
- Бүйрек жетіспеушілік – ісіну, олиго-анурия, азотемия көріністері;
- Несеп синдромы – полиурия, анурия, олигоурия, гиперстенурия, гипостенурия, поллакиурия, никтурия.

Қан түзу жүйесі

- *Анемиялық – әлсіздік, бас айналу, құлақтағы шу, елтігу, жүрек қағу, терінің бозаруы, бас ауыру, аяқ-қолдардағы суықтық сезімі,, жүрек ритмі бұзылысы.*
- *Геморрагиялық- әртүрлі типтегі қанталаулар,геморрагиялық диатез, талма.*
- *Миелопластикалық- жалпы әлсіздік, адинамия, елтігу, қызба, қалшылдау, тершендік, сүйек-буындағы ауырсыну, қан кету.*
- *ТШҚҰ – әртүрлі ағзалардағы қан айналым бұзылысы, АҚ төмендеуі, қан кетулер.*

Эндокринді жүйе

- Гипертериоз- шаршағыштық,пульс жиілеуі,жүрек ритмі бұзылуы,АҚҚ жоғарылауы,жүрек қағуы, диарея,арықтау,тремор.
- Гипотериоз- жүрек жетіспеушілігі, іш қату,терінің құрғауы,қабыршақтануы,қырылдаған дауыс,беті ісінген, брадикардия.
- Бүйрек үсті безі жетіспеушілік- тері және шырышты қабаттың гиперпигментациясы,арықтау, жалпы әлсіздік,артериальді гипотензия, диспепсиялық бұзылыстар,апатия,іштегі ауырсыну.